

2017 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласы мамандарына тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін көтерме жәрдемақы және әлеуметтік қолдау ұсыну туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 10/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 сәуірде № 4158 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және қағидасын бекіту туралы" 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 Қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Жамбыл аудандық әкімі мәлімдеген қажеттілікті есепке ала отырып, 2016 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласы мамандарына берілсін:

1) өтініш берген сәтте жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау – өтініш берген сәтте бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит.

2. Осы шешімнің 1-тармағы ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі уәкілетті орган ретінде, осы шешімнің жүзеге асырылуына шаралар қолдансын.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған қарым-қатынастарға таратылады.

*мәслихаттың кезектен тыс
X сессиясының төрайымы
Жамбыл аудандық
мәслихаттың хатшысы*

Ю.Шихова

Б.Мұсабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК